

УДК 327.603

## **ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҮДДЕЛЕРІ**

**Абдимурат Марал Мухитқызы**

abdimuratm@inbox.ru

Халықаралық қатынастар мамандығының 2 курс студенті  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Джумадилова Г.М.


Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақтың қарым-қатынастар хроникасы 1992 жылдан бастап өрісін табады. ЕО Қазақстан үшін маңызды саяси және сауда-экономикалық серіктестердің біріне айналды. Бұл қатынастар ҚР сыртқы саясатындағы басым бағыттардың бірі болып табылады.

Қазіргі таңның өзінде динамикалық қарқыны жалғасын табуда, сонымен қатар Орталық Азия шеңберіндегі халықаралық қатынастардағы даму потенциалы мен инвесторлық тартымдылығы жоғары мемлекет ретінде Қазақстан, ЕО-тың тұрақты байланысы тығыз серіктесі.

Саяси-әлеуметтік, құқықтық-мәдени және экономикалық саладағы ынтымақтастығы екі жақты келісімдер аясында мақұлданып, маңыздылығы өзекті бағдарламалар мен жалпы дамуға оң әсерін беретін бастамалар жүзеге асып жатыр.

Соңғы он жыл мерзімде іске асқан жобалар, Қазақстанның әлемдік болмысын, еліміздің қалыпты және көпжақты дипломатиясының сүйемелдеуімен одан әрі жандандыруға ат салысуда.

Сурет 1. Қазақстандағы ERASMUS+ жобасы бойынша халықаралық несиелік ұтқырлық көрсеткіші [Erasmus статистикалық мәліметтер негізінде автормен құрастырылған].



Кесте 1. Қазақстандағы ERASMUS+ жобасы бойынша халықаралық несиелік ұтқырлық көрсеткіші [Erasmus статистикалық мәліметтер негізінде автормен құрастырылған].

<i>жыл</i>	2015	2016	2017	2018	2019	2020
<i>үміткерлер саны</i>	629	826	781	1008	1023	778

Жоғарыдағы кестеге талдау жасасақ, Қазақстан Республикасындағы ERASMUS+ жобасы бойынша халықаралық несиелік ұтқырлық көрсеткіші берілген. Талдау 2015 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі аралықты құрайды. 2015 жылы ұтқырлық сайысының нәтижесінде үміткерлер саны 629 адамды құрайды. Нархоз, ЕҰУ және ҚЭУ-де CACTLE оқу орталықтары ашылды. Бұл жылдан бастап ERASMUS+ мобильді жобалары арта бастады. 2016 жылы бұл көрсеткіш 197 үміткерге артқан болатын. 2016 жылы «Кәсіпорындардағы компьютерлік жүйелер мен желілерді әзірлеу, басқару, басқару және қорғау саласындағы бакалавриат және кәсіби магистратура бағдарламасы» жүзеге асып, техникалық мамандықтарға мүмкіндіктер аясы кеңейді. 2017 жылы білім алушылардың саны 45 адамға азайды. Академиялық саясат принциптері бекітіліп, кәсіптер аясында гуманитарлық мамандықтар саны төмендеді. 2018-2019 жылдар арасында Халықаралық несиелік ұтқырлықтағы жоғары білімнің әлеуетін арттыру және Эразмус Мундус бірлескен магистр дәрежесінің жобаларының дамуы, Эразмус+ жобалары туралы хабардарлықты арттыру жұмыстары іске асты. 2017 жылға қарағанда 2018 жылы 227 үміткерге асты, 2019 жылы бұл көрсеткіш 1023 адамды құрайды. 2020 жылы әлемдік пандемиялық жағдайға байланысты ұтқырлық бағдарламаларының жұмысы тежеле бастады. Бірақ жоба өз жалғасын тапты, бұл онлайн форматында білім алудың шаралары жүргізілді. 2019 жылға қарағанда 245 үміткерге азайды. Жалпы жобаның несиелік ұтқырлық барысындағы ең жоғары көрсеткішті 2019 жылдағы елімізден 1023 үміткер саналса, ең аз сандықты алғашқы 2015 жылға қарай 394 үміткерге аз екенін байқай аламыз. Бұл кешенді бағдарламаның 2015 жылдағы ҚР алғашқы даму бастамасындағы жыл екені мәлім, ЖОО-мен байланысы қалыппен тығыздалып, студенттер аясындағы өзектілігі біртіндеп дамып, білімдегі мүмкіндіктерді көбейтуге арналған бастамалардың іске қосылып жатқан мерзімімен түсіндіруге болады.

2019 жылға қарай қарқынды жоғары дәрежеге қадам басқаны, мамандықтар аясының ұлғайып, үміткерлер санының өсіп, мемлекеттегі аймақтық шеңберіндегі оқу орындарымен қатынастар орнатылып оң өзгеріске алып келді. Қазақстан және ЕО байланыстарында маңызды рөлді атқаратын тараптардың ойлары бұл серіктестіктің алдағы мызғымастығының берік болуына, сонымен қатар бағдарламалар аясының ұлғаюына мүдделі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Еуропалық Одақтың саяси трансформация бойынша кеңестерін алды - Euronews жаңалықтар порталына берген сұхбатына [1] Content-талдау барысында Еуропалық Одақтың Қазақстанмен серіктестігі әлі де жалғасын табатынын, және серіктестіктің басқа да салаларда қамтылатынын айтуға болады. Оның астарында мемлекетаралық ғылыми-техникалық алмасу, тығыз дипломатиялық байланыс, әлеуметтік жәрдем, қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі Қазақстанның сыртқы саяси принциптеріне негізделген одақтастыққа мүдделері жатыр. Ұйымға кіретін мемлекеттер мен Қазақстан арасындағы байланыстардың күшейіп, халықаралық қатынастарының даму тенденцияларын байқауымызға болады. Серіктестік жұмыстары екіжақты саясаттың өзара тиімділігін көтеруге мүмкіндік береді. Бұл артықшылық жалпы саяси мәселелерді де қамтиды. Заңнамалық саласында Еуропалық Одаққа мүше елдер мен Қазақстан арасындағы ақпарат, құжат, тәжірибе алмасу жұмыстарының жүргізілетінін, осы тұста консультациялық көмек пен тактикалық шаралардың қолға алынуы да мүмкін. Қазақстан үшін басты негіз болған экономикалық мәселелердің шешіміне серіктестік тұсында интеграцияның қарқындылығы әсер етеді. Бұл тұста экспорттан түсетін пайданың өсуі, инвестицияның артуы, кәсіпкерлік мүмкіндіктерге қолжетімділік, жеке кәсіпкерлік салалары және оның кеңістігінің ұлғаюы, Қазақстанның өнеркәсіптік кешендерімен қамтылуы және сыртқы нарықтағы байланыстарының тереңірек орнатылуы меңзеледі. Серіктестіктің халыққа да өз әсері болатыны туралы айтуға болады. Ол адами капиталдың қарқынды арттыруға, кәсіптер арасындағы тәжірибе алмасуға мүмкіндік тууына жол ашады. Жұмсақ күш саясатының барысында мәдени және білім саласындағы ұтқырлықтың дамуы, халықтың айтарлықтай табысты нәтижеге жетуіне көмектесуі ықтимал. Сонымен қатар, серіктестіктің шарықтау шегі адамдардың амбициялық ойларының жетілуіне, бәсеге қабілеттілігін көрсетуге, болашақта өз құқығы мен мүмкіншіліктерін тұрақты түрде қабылдап, қолдана алуы мен білуі болып табылатынын болжай аламыз.

Елші, Қазақстандағы Еуропалық Одақ Өкілдігінің Басшысы Траян Христeanың Еуропалық Одақ қаржыландыратын «Адам құқықтарын ілгерілету үшін Оңтүстік Қазақстандағы қоғамдық ұйымдардың мүмкіндіктерін кеңейту» жобасы бойынша қорытынды конференцияда сөйлеген сөзіне [2] Content-талдау барысында Еуропалық Одақ тікелей Қазақстанда әр түрлі салаларға қатысты жобалау жұмыстарын жүргізетін болады. Басты фокус, іске асыруға бағытталған мақсатының мәні - ұйым мүдделерінің бірі адам құқықтары мен оның жеткілікті қорғау мәселелерін қамтитынын ескеруге болады. Бұл жобаны жалпы қауіпсіз жобасы деп болжай аламыз. Адамды қорғау мәселесін шешуге бағытталған жобасының маңыздылығын, оның Қазақстанмен бірлесе іске асыра отырып нәтижеге жетуі ықтималдығын атап кетуге болады.

#### Еуропалық Одақтың Қазақстандағы мүдделеріне SWOT-талдау

<b>Күшті тұстары</b>	<b>Әлсіз тұстары</b>
<p>1. Серіктестік пен ынтымақтастық туралы екіжақты келісімнің маңыздылығы.</p> <p>2016 жылдың 4 қазанында өткен 15 -ші сессия барысында Кеңес кеңейтілген серіктестік пен ынтымақтастық туралы келісімді мақұлдады [2].</p> <p>2. Сауда серіктестігінің дамуы</p>	<p>1. ЕО шеңберінде қызметті үйлестіруге байланысты шиеленістердің шығуы. 2020-2021 жж. аралығындағы вакциналық, пандемиялық және иммиграциялық шиеленістер әсерінен Визалық Кодекс</p>

2002 жылдан бастап ЕО Қазақстанға ең ірі сауда серіктесі болды, елге барлық экспорттың 40% - ын жеткізді [2].

### 3. Жасыл Экономика мәселесі

2013 жылдың 30 мамырында қол қойылды. 2015 жылы Еуропалық Одақ пен Қазақстан Қазақстанның жасыл экономика моделіне өтуін қолдау жобасын бастады [2].

### 4. “Еуропаға жол” бағдарламасының енгізілуі.

Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен әзірленген және енгізілген 2009-2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасының табысты жүзеге асырылуы Еуропалық Одақпен серіктестіктің дамуына елеулі үлес қосты.

### 5. Визалық кодекстің таралу аймағының кеңеюі

2020 жылы Еуропалық Одақтың қабылдаған Шенгендік Визалық Кодексі Қазақстанға таралуы оның тұрғындарының Еуропалық мемлекеттерге визасыз келуіне жол ашты [3].

### 6. Кедендік өрістің жалғасын табуы

2020 жылы ЕО тауарларындағы жалпы сауданың 0,7% құрайды, елдегі тауарлардың жалпы саудасының 29,7% құрайды [4].

### 7. Бірлескен жұмыстардың болуы

Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ -ға төрағалығы кезінде біздің елдің ЕО серіктестерімен бірлескен жұмысы. Еуропа елдері біздің төрағалығымыздың барлық басымдықтарын және Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің бастамаларын қолдады, оның ішінде ұйымның саммитін астанамызда 2010 жылдың 1-2 желтоқсанында өткізу және нәтижесінде Астана декларациясын қабылдау [1].

### 8. Аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз ету шараларының болуы

Есірткіге қарсы күресті ілгерілету және шекаралық басқаруды жетілдіру мақсатында ЕО екі бағдарламаны жасады: Орталық Азиядағы шекараны басқару бағдарламасы (BOMCA) және Орталық Азиядағы есірткіге қарсы әрекет ету бағдарламасы (CADAP) [4].

### 9. Заңнамалық қызметтер аясының дамуы.

Еуропалық Одақтың Қазақстанға бағытталған заң саласындағы іс-шаралар жобалары 2018 жылдың 26 маусымынан бастап қамтиды [6].

шеңберінде де әлі толық іске асырылған жоқ [3].

2. ЕО -ға мүше мемлекеттер арасындағы қарама қайшылықтар.

Brexit мәселесі ЕО-ның 27 мүшесін біріктірді, бірақ Brexit-тен кейінгі өмір олардың арасындағы қайшылықтарды ушықтыруы мүмкін. Мысалы, Ұлыбритания одақтан шыққаннан кейін назар аударуды қажет ететін мәселелерді барлық елдердің де бірауыздан шеше алатыны белгісіз [8].

### 3. Іске асыру мен күн тәртібінің “жоспарланған” деңгейі.

ЕО өте ауқымды ұйым және оның жұмыс жасау механизмінде күрделі аспектілерден тұрады, алдыңғы мақсаттар келісімдер жасалынғаны мен оған нақты кірісу мерзімдері бір-бірінен өте алшақ.

4. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен аймақтағы жағдайды тұрақтандыратын жедел тетіктердің болмауы; Қазақстан/Орта Азия мәселелері.

Орталық Азия мемлекеттері арасында «Орталық Азиядағы бөгет қауіпсіздігі: әлеуетті арттыру және аймақтық ынтымақтастық » БҰҰ ЕЭК ХҚЕС-пен бірлесіп жүзеге асырады. Бірақ бұл жобаның өзі де Қазақстандағы емес жалпы ЕО-тың тікелей Орталық Азия идеясына келеді, сонымен қатар жоба әлі күнге дейін нақты іске аса қойған жоқ [9].

### 5. “Brain drain” мәселесінің белең алуы.

Соңғы бірнеше жылда әртүрлі салалар бойынша білікті кадрлардың кетуі 34,88%-ға

<p>10. Аймақтық стратегиядан жаңа деңгейге көтерілу Экономикалық және саяси байланыстарды тереңдету Қазақстан мен Еуропалық Одақты екіжақты келісім мен Орталық Азиядағы ЕО ортақ (аймақтық) Стратегиясы шеңберінен шығып, жаңа деңгейге шығарды [6].</p> <p>11. «Connectivity» жобасының маңызы. Еуропалық стратегия – Қазақстан мен Орталық Азияны Еуропаға жақындату. Сонымен бірге, «connectivity» тек көлік, энергетика, жолдар, әуе қатынасы ғана емес, бұл термин гуманитарлық байланыстарды да қамтиды [11].</p> <p>12. Экологиялық мәселелерге қарсы тұру стратегиялары. Қазақстан Еуропалық Одақтың Орталық Азияға бағытталған WESCOOP мемлекет топтарының құрамында тұрақты мүше болып табылады. Бұл су ресурстары, қоршаған орта және климат өзгеруі мәселелерін шешудегі серіктестікке жатады [4].</p> <p>13. Энергетикалық қауіпсіздік шаралары. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық Атом энергиясы қоғамдастығы (Евратом) арасындағы ядролық саладағы ынтымақтастық туралы келісім негізінде дамып келеді [4-5].</p> <p>14. Техникалық көмек жобасының іске асуы. ТАСИС бағдарламасы бойынша 1991-2006 жж. Қазақстан 170 миллион еуро көлемінде техникалық көмек алды [4].</p> <p>15. ЕО елдерінің капиталындағы компаниялардың шоғырлануы. Қазақстанда неміс капиталының қатысуымен 688-ге жуық бірлескен кәсіпорын тіркелген, оның 547-сі жұмыс істейді. Сименс, ДаймлерКрайслер, Фольксваген, ТисенКрупп, MAN, RVE, Knauf, «EADS», «Байер», «BASF» сияқты белгілі концерндер, «Бош» [4].</p> <p>16. Инвестициялық ошақтардың кеңеюі. Қазақстандағы негізгі голландиялық инвесторлар Royal Dutch Shell компаниясымен бірге ABN AMRO Bank N.V. (Еншілес акционерлік банк «ABN AMRO Bank Kazakhstan» ЖАҚ және «ABN AMRO Asset Menegement» ЖАҚ қатысады), Agip Caspian Sea BV (Қашаған кен орнында жұмыс істейді) [4].</p> <p>17. Білім беру бағдарламаларының өрісі.</p>	<p>өсті. Өкінішке орай, Қазақстанда зияткерлік жастарды қолдау және оларды ұлттық экономикаға тарту тетіктері жоқ [10].</p> <p>6. Ресей және Еуропалық Одақ арасындағы мүдделер қақтығысы Қазақстан дәл Ресей мен Еуропаның арасында, дәлірек айтсақ, олардың Орталық Азия аймағындағы мүдделерінің арасында орналасқан. Бұл РФ мен Еуропа мемлекеттері арасындағы бақталастықтарды туғызады.</p> <p>7. “Бір кеңістік-бір валюта” идеясының кемшіліктері. “Бір кеңістік-бір валюта” идеясы Орталық Азия мемлекеттеріне ғана емес, Қазақстан үшін де ұлттық валюта мен ұлттық экономиканы серпіп кететін қауіпті жоба болып табылады. Ол ұлттық валютаның құнсыздануына алып келеді [10].</p>
---	--

<p>Қазақстан ЕНЕА Еуропалық жоғары білім аймағына кіріп, ECTS ұпайларды беру мен жинақтаудың еуропалық жүйесі, академиялық кредиттерді білім жүйесіне енгізді [1, 4].</p> <p>18.Кешенді экономикалық форумның әсері.2021 жылдың 5 қарашасында Қырғызстанның астанасы Бішкек қаласында Еуропалық Одақ- Орталық Азия экономикалық форумы болып өтті [7].</p> <p>19.Жемқорлықпен күреске көмек көрсету. Қазақстан 2020 жылдың 1 қаңтарында Еуропалық Кеңестің бастамасымен 1999 жылы құрылған GRECO Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобының мүшесіне айналды [6].</p>	
<p><b>Мүмкіндіктері</b></p>	<p><b>Қауіптері</b></p>
<p>1.Екіжақты қатынастардың тартымды дамуы Қазақстан мен ЕО серіктестігінің өркендеуі екі жаққа да өзара пайда алып келеді. Оларға жалпы халықаралық қатынастардағы үстемдігі, оның беделенің көтерілуіне және ұйыммен қатынасуға ұсыныс білдіретін мемлекеттер мен ұйымдардың артуына алып келуі ықтимал.</p> <p>2. Қауіпсіздік пен даму мәселелері арасындағы байланысты одан әрі дамыту және толық қамтамасыз ету</p> <p>Көлемдегі деңгейдегі қылмыстық әрекеттер: оның ішінде есірткі тасымалы мен террористік шаралар санының төмендеуі құрайды.</p> <p>3. Орталық Азияда аймақшілік интеграцияны тереңдету үшін қолайлы жағдайлардың артуы Интеграциялық байланыстардың Қазақстанмен ғана емес, оның шекараларында орналасқан мемлекеттер мен де байланыс оранатуға мүмкіндік береді. Бұл үлкен көлемдегі перспективаларға жол тартады.</p> <p>Өзара қойылған бір мақсатқа жету алдағы уақыттаға байланыстардың да үзілмейтіндігін және одақтастықтың жалғасуын да білдіреді.</p> <p>4. Аймақтағы демократияландыру процестерінің табысты дамуы.</p> <p>Демократизацияның белең алуы, Қазақстандағы халық ойы мен қадамдарының толық ескеріліп, сайлау жүйелеренің халықаралық деңгейде мойындалуына, адал және әділетті болуына жол</p>	<p>1. Қолға алынған жобалардың іске асырылмау мүмкіндігі Күн тәртібіндегі мәселелер мен қағидаттар бойынша қаржыландыру мәселесі әрбір саланы жіті қамтиды, бірақ ол қаржылық қиындықтарды бірден жойып жіберуге күші жоқ, және ол жалпы тарала да алмайды. Яғни қандай да бір алынған салаға басқалардан қарағанда мейілінше аз қаражаттандырылады деген сөз.</p> <p>2.Энергетикалық сектор мәселелерінің үстіртін әрекеттер салдарынан ушығып кетуі</p> <p>Энергетикалық секторды жақсарты мен оны дамыту үшін қаражаттар ұсынылғаны мен оның өзі де жеткіліксіз болып тұр, бұл оның әлі де өңделуін және жіті бақылауда іске асыру керек екенін аңғартады. Ал егер ол қолға алынбасада ауқымды істе шығулар мен мәселелер ушығуы әбден мүмкін.</p> <p>3.Ресей және ЕО арасындағы қақтығыстардың етек алу қаупі</p>

салады.	<p>ЕО бұл байланыста тек қана Қазақстан мен ғана шектеліп қоймайды, ол басқа да Орта Азия мемлекеттерін өзіне қаратуға тырысады, бірақ қауіпсіздік мәселесі ең қиын үдеріс, себебі әрбір мемлекет бұл ұғымды өз позициясына сәйкес түсінеді, және қарама-қайшылықтардан алшақтай алмайды.</p> <p>4. Қаражаттарды бөлінуінің тоқтатылуы Серіктестік барысында экономикалық тұрғыда демеушілік рөлінің тоқтатылуы жалпы одақтастықтың тоқтатылуына әкелуі ықтимал.</p>
---------	--

Еуропалық Одақ пен Қазақстанның халықаралық деңгейдегі қарым-қатынастары жалпы сыртқы саясат мәселелері мен сауда қатынастарында құрылған. Қазақстан Орталық Азия мемлекеттері қатарынан Еуропалық Одақпен серіктестікті орнатқан алғашқы мемлекеттердің бірі болып табылады. SWOT-талдауы барысында ЕО-мүдделерінің күшті тұстары мен мүмкіндіктерін біріктірген нәтижесі әлсіз тұстары мен қауіптерінен көп деген қорытындыға келеді. Бұл ұйымның сан-алуан бағыттарда Қазақстанмен байланысын орнықтыруы мен тереңдетуі арқылы түсіндіріледі. Әлсіз тұстары мен қауіпсіздігі бұл мақсаттардың негативті қайтарымдары мен оларды реттеудің ауқымды және қиындықтары айқын екенін көрсетеді. Одақтың түпкі мақсаты Қазақстанмен серіктестігін күшейте отырып, Орталық Азия мемлекеттерімен байланыстарын үйлестіру мен қол жеткізу екенін аңғаруға болады.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://erasmusplus.kz/index.php/ru/erasmus/erasmus-v-kazakhstane/mkm>
2. <https://clck.ru/ZBnS7>
3. <https://kursiv.kz/news/geopolitika/2019-05/es-obsudit-liberalizaciyu-vizovogo-rezhimadlya-kazakhstancsev-v-2020-godu>
4. <https://ecogofond.kz/wp-content/uploads/2018/11/CA.D.160-Sotrudnichestvo-Respubliki-Kazahstan-i-Evropejskogo-Sojuza-v-sfere-jekologii.pdf>
5. <https://cyberleninka.ru/article/n/respublika-kazahstan-i-evropeyskiy-soyuz-harakter-i-osobennosti-energeticheskogo-sotrudnichestva>
6. <https://rm.coe.int/ncp-kazakhstan-2019-2022-web-ru/1680998482>
7. <https://www.gazeta.uz/ru/2021/11/06/eu-ca/>
8. [https://lprime.ru/state\\_regulation/20191216/830694046.html](https://lprime.ru/state_regulation/20191216/830694046.html)
9. [https://www.kazenergy.com/upload/document/bulletin-of-the-kazenergy/ke\\_inside\\_01\\_2016\\_kz.pdf](https://www.kazenergy.com/upload/document/bulletin-of-the-kazenergy/ke_inside_01_2016_kz.pdf)
10. <http://www.kisi.kz/uploads/1/files/00voWuhu.pdf>
11. [https://forbes.kz/news/2020/11/24/newsid\\_238331](https://forbes.kz/news/2020/11/24/newsid_238331)
12. <https://www.euronews.com/2019/06/15/president-of-kazakhstan-takes-eu-advice-on-political-transformation-uronews-exclusive>

13. [https://eeas.europa.eu/delegations/guinea-bissau/25399/speech-ambassador-head-european-union-delegation-kazakhstan-traian-hristea-closing-conference\\_en](https://eeas.europa.eu/delegations/guinea-bissau/25399/speech-ambassador-head-european-union-delegation-kazakhstan-traian-hristea-closing-conference_en)